

Демографиялық жағдай

- **1895-1905** жылдары Қазақ өлкесінің далалық облыстарына 294296 адам қоныстанса, ал **1906-1910** жылдар арасында қоныстанушылар саны **770** мың адамға жетті.
- **1897** жылғы санақ бойынша Дала өлкесінде орыстардың үлесі 20% құраса, ал **1917** жылы 1 қаңтардағы есеп бойынша олардың үлесі **42%-ға** жетті. Түркістан өлкесінде орыс шаруаларының үлес салмағы **3,7%-дан 7,9%** -ға дейін өсті.
- 1921-1922 жж. аралығында Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Торғай губернияларында ауыл тұрғандыраның саны 1/3 азайды
- 700 мыңнан астам адам республика аймақтарынан асып кетті;
- 1927 жылдан бастап КСРО-ның ірі қалаларынан Қазақстанға келушілер көбейді

- 1930-1933 жылдар аралығында 6,2 млн халықтан 2,1 млн. аштықтан қырылды (1966 жылы қалпына келді). Осы жылдары 1 млн астам адам КазАССР-дан кетсе, оның 414 мыңы қайтып оралды
- Қуғын сүргін саясаты кезінде 27 мың қазақстандық ату жазасына кесілді
- 1938 жылы – 102 мың кәріс
- 1937-1938 жж. – курдтар, ирандар, армяндар (бірнеше мың)
- 1940 жылы - 102 мың поляктар
- 1941 жылы – 420 мың немістер
- 1943-1944 жылдары - 0,5 млн адам чешендер, ингуштар, қарашайлар
- 1948 жыл – 27880 месхед, түріктер
- 1948 жылы – 23997 аадма Кеңес Армиясынан босатылғандар
- «Тың игеру» кезінде 2 млн астам адам келді. 1959 жылы адам саны 3 млн 216 өсті – 9 млн 295 мың адам (1959 жылғы санақ). Жергілікті халық -2 млн 787 мың (29 %)

- 1971 жылы ҚазКСР жергілікті жергілікті ұлт өкілінің саны 32,6 %, 1979 жылы – 36 % өсті
- Қазақстан халқы 1989-1999 жылдар аралығында 1,5 млн-нан астам адамға, яғни 8,2%-ға азайды.
- Халық саны азаюы 2002 жылға дейін созылып, 2003 жылдан бастап аз да болса өсе бастады. 2005 жылдың басында 15 млн-нан асты.
- 1991-1999 жылдарда сыртқа кеткен көші-қон нәтижесінде республика халқы 1 млн 54 мыңнан астам адамға кеміді.
- Сыртқа кеткендердің басым көпшілігі өз тарихи отандарына қайта оралғандар еді, олардың ішінде тек 1993-1998 жылдары 1 млн-нан астам шығыс славян (орыс, украин, беларусь), 400 мыңға жуық неміс болды.
- Тәуелсіздік жылдары 965 мыңнан астам адам азаматтық алды.

Демографиялық жағдайға әсер еткен факторлар:

әскери коммунизм саясаты (1921-1922 жж. аштық); ұжымдастыру, индустрияландыру, депортация саясаттары; тың игеру; әлеуметтік жағдай - Ұлы Отан соғысынан кейінгі өзгеріс (1 тоқсанның 1 сабағы), тоқырау жылдарындағы көші-қон үдерісі (2 тоқсан, Урбандалу туралы сабақ), 1976 жылдары өндірістік емес мекеме жұмысшыларының жалақысы өсті, 1971-1989 жылдары зейнетақы өсті, 1971-1989 жж. орта жалақы 89-94 % аралғында өсті; 1991-1999 жж. көші-қон үдерісі

Тапсырма

1. Берілген факторларға сүйеніп оң және теріс жақтарын анықтап, кестені толтырыңыздар

Теріс факторлары	Оң факторлары
Қорытынды ой	

2. Қазақстан Республикасының көпұлтты мемлекетке айналуына әсер еткен маңызды фактілерді келтіріңдер

Білім мен ғылым

1920-1930 жылдардағы білім саласының хронологиялық кестесі

1919ж	Халық Комиссарлары Кеңесі «Сауатсыздықты жою туралы Декретке» қол қойды
1920-1921ж	Қазақстанда 70 000 астам адамдар сауатын ашты
1924ж	А.Байтұрсынов араб әрпінің негізінде қазақ әліпбиін жетілдірді
1925ж	Қазақстанда 2,7 мың мектеп болды
1928ж	Қазақ мектептері үшін 30-дан астам оқулықтар шықты
1929ж	Араб әрпінен латын әрпіне көшу білім жүйесіне қатты соққы болды
1930ж	Міндетті жалпы бастауыш білім беру орнады
1931ж	Жалпыға міндетті 7 жылдық білім беру енгізілді

Жоғарғы оқу орындары

- Педагогтар дайындау үшін қысқа мерзімді курстар құрылды.
- **1919-1920** жылдары Орынборда, Ордада және Семейде Халық ағарту институттары ашылды.
- Кәсіби мамандар дайындау мақсатында жұмысшы факультеттер ұйымдастырылды.
- **1928ж** Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты ашылды, 1935ж оған Абай есімі берілді.
- **1929ж.** Алматы мал-дәрігерлік институты ашылды
- **1930ж.** Қазақ ауыл шаруашылық институты ашылды
- **1931ж.** Алматы медициналық институты ашылды.
- **1934ж.** С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті ашылды.
- Оралда, Семейде, Ақтөбеде, Петропавлда, Шымкентте және Қостанайда педагогикалық институттар ашылды

- **1920ж.** Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының негізі қаланды.
- Оның мүшелері: А.Чулошников, Ф.Рязанов, Ә.Диваев, М.Тынышбаев, В.Бартольд, В.Радлов, М.Дулатовтардың алғашқы ғылыми еңбектері шықты.
- **1920ж.** Қазақстанда алғашқы ғылыми-зерттеу мекемелері пайда болды. Олар:
 - Химия-биологиялық зертхана,
 - Өсімдіктерді қорғау өлкелік станциясы,
 - Санитарлық-бактериологиялық институты,
 - Тыңайтқыштар және ауыл шаруашылық топырақ зерттеу институты.
- **1932ж.** КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасы құрылды.
- **1938ж.** КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалына айналды.

- 1949 ж.жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық білім беру жүйесі енгізілді;
- 1959 ж.Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі “Мектептің өмірмен байланысын нығайтуға және Қазақ КСР-інде халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы”заң қабылданды;
- 1962-63 ож жалпыға бірдей міндетті 8 жылдық білім беруге көшу, 11 жылдық еңбек-политехникалық мектептерін құру,жұмысшы жастар мектептерін көбейту,мектеп-интернаттар жүйесін кеңейту жоспарланды.

- 1946-1956 жылдары кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде 344,5 мың жас маман дайындалды.
- 1965-1966 оқу жылында 39 жоғары оқу орындарында 144,7 мың студент оқыды. Соғыстан кейінгі 20 жыл ішінде жоғары білімді мамандар даярлау 11 есеге өсті.
- 1965 жылы халық шаруашылығында 0,5 млн-нан астам дипломды маман жұмыс істеді.
- 1970 жылдары жалпыға бірдей орта білім беруге көшу науқаны өріс алды. Кабинеттік жүйені енгізу шаралары атқарылды. Ауыл мұғалімдеріне жеңілдіктер жасалынды. Жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін тарату, әдістемелік жаңалықтарды енгізу жұмыстары жүргізілді.

- 1980 жылдардың басында жалпыға бірдей міндетті орта білім берудің жүзеге асқандығы жарияланды.
- 1984 жылы кезекті мектеп реформасы басталды. Мектептің материалдық базасын нығайту, бжастан бастап оқыту, жаңа пәндер енгізу, мұғалім беделін көтеру қарастырылды. Қазақ мектептерінің жағдайы ауыр болып қала берді.
- 1970 жылдары ірі агрокешендер құрылып, “болашағы жоқ” елді мекендер жойылып, шағын комплектілі қазақ мектептері жабылды.
- 1950-1970 жылдары орыс тілінде оқытылатын мектептер 1,5 мыңға артқанда, қазақ мектептері 3891-ден 2577-ге азайды. 1980 жылдардың ортасында ЖОО-ның саны 55-ке жетті. Бұл жылдары студенттік құрылыс отрядтары өріс алды. Орта арнаулы оқу орындарының саны 246-ға жетті. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарынан 550 мыңға жуық студенттер мен оқушылар 200 түрлі мамандық алды.

- 1995 жылы 31 желтоқсанда Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми қызметкерлердің саны 2996-ға жетті, оның ішінде 408 ғылым докторы және 1289 ғылым кандидаты; ал 2009 жылы ҚР Ұлттық Ғылым академиясында 172 толық мүше, 21 құрметті мүше және 14 шетелдік мүшесі болды.
- **Сокольский Д.В.** Қазақстандағы катализдік химия ғылымы мектебін ұйымдастырды. Каталитикалық гидрогендеу теориясы мен тиімділігі жоғары гидрлеу катализаторларын жасауға, гидратациялау, тотықтыру және кіші молекулалар негізінде синтездеу процестеріне, іргелі және қолданбалы ғылымды ұштастырды
- **Айтхожин М.Ә.** Эукариоттық клеткаларда кездесетін клеткалық бөлшектердің жаңа класын, ақпараттық рибонуклеин қышқылдарының (ақпараттық РНК-ның) рибонуклеопротеидтік түрін (РНП-ті) — информасоманы ашты.

- **Ә. Х. Марғұлан** - Оның редакциясымен Шоқан Уәлихановтың шығармаларының 5-томдық толық академиялық жинағы жарық көрді. Педагогика саласында Әлкей Марғұлан фольклор бойынша зерттеулерінің маңызы зор. Тұңғыш рет халық педагогикасының біртумалары шоғырланған Қазақ халқының аңыздарын, ертегілерін, жырларын іргелі зерттеді.

Тапсырма

КСРО кезіндегі қазақстандық білім мен ғылым саласына диаграмма құрастырыңыздыр. Өсу немесе кему шкаласын түсіндіріңіздер



Экономика

- **I бесжылдық (1929 — 32)**
- 1928 ж. 2% шаруашылығы ұжымдастырылды
- 1930 – 50,5 %, 1931 - 65 %
- 1929 ж – МТС құрылды
- **II бесжылдық жоспары (1933 — 37) БК(б) П 17-съезінде (1934) бекітілді. Бұл жоспар бойынша, Қазақстанда Шымкент қорғасын зауыты, Ақтөбе химия комбинаты, Алтай, Ащысай полиметалл комбинаттары салынып, іске қосылды.**

III бесжылдық жоспары (1938 — 42) БК(б)П 18-съезінде (1939) бекітілді. Бұл кезеңде Қазақстанда [Балқаш мыс қорыту комбинаты](#) іске қосылды, *Жарық* — *Жезқазған*, *Рубцовка* — *Риддер*, *Қандыағаш* — *Орск*, *Ақмола* — *Қарталы* темір жолдары пайдалануға берілді. Жоғары оқу орындары мен арнаулы оқу орындарының саны көбейді. 1938 ж. КСРО [Ғылым Академиясының](#) Қазақ филиалы құрылды.

IV бесжылдық (1946 — 50)

- 1947 – Өскемен мырыш-қорғасын комбинаты алғашқы өнім берді
- 1949 – Алматыда автоматты телефон.станциясы құрылды
- 1950 Мойынты Шу темір жолы сапынып аяқталды

ЖЫЛЫМЫҚ

- **V бесжылдық жоспары (1951 — 55) КОКП 19-съезінде (1951) белгіленді. Тың және тыңайған жерлерді игеру маңызды шараға айналды (қара Тың игеру). Қазақстанның халық шаруашылығы 200-дей жаңа кәсіпорындармен толықты. Састөбе және Қарағанды цемент зауыттары, Өскемен — Зырян, Ақмола — Павлодар темір жол учаскелері іске қосылды.**

- 1954 – 6,5 млн га жер жыртылды

- 1954-1955 жж. – 337 бидай совхоздары құрылды

- 1954-1955 – 122 мың трактор, 30 мыңнан астам комбайн, 22 мыңнан жүк машиналары Қазақстанға әкелінді

- Екі жылға жоспарланған ТЫҢ игеру – 1 жылда орындалды

6 бесжылдық (1956 — 60)

- 1954-1958 жж – 730 өнеркәсіп ашылды (Жезқазғанда, Өскемен машинажасау зауыты, Ақтөбе хром зауыты т.с.с)
- 1960 ж – темір жол ұзындығы – 11,47 мың км
- 1960 ж -10,5 млрд кв/с электрқуаты шығарылды
- Темір өндіруде Қазақстан үлесі 5,4% құрады
- Мекемелер хозрасчетке өтті
- 1962 ж. Партиялық ұйымдар өзгертілді- Өнеркәсіптік, ауылшаруашылық болып бөлінді

1970-1980

- 1970 - 80 % өнеркәсіп хозрасчетке өтті
- Қазақстандағы өнеркәсіп шикізатқа бағытталды
- Мұнай өндіру 2 есе өсті, газ – 2,5 есе
- 1970-1984 жж. – көмір 2 есе өсті. Жылдық табысы – 125,5 млн т жетті (КСРО аясындағы үлесі -17,6 %)
- 586 ауыл хозрасчетке өтті
- 1970-80 жж Шығыс-Қазақстан мыс-химиялық комбинат салынды
- 70-і ж. 23,9 % бидай, 24,6 % күріш шығарылды. Одақ бойынша бидай өсіруде II орында, ет пен жұмыртқа – III орын, сүт – IV орын т.с.с

- 1982 жылы «Азық түлік» бағдарламасы қабылданды, ауыл өнімдерін бәсіңдету боп табылды, алайда мақсатына жетпеді
- 1980 жылдары жаппай тамақты мөлшерлеп қамтамасыз ету енгізілді

Кеңестік Қазақстанның экономикасының өзгеруіне қандай факторлар әсер етті?

P- саяси	1	
	2	
	3	
E– экономикалық	1	
	2	
	3	
S – әлеуметтік	1	
	2	
	3	
T- технологиялық	1	
	2	
	3	

Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан

- **Мәскеу шайқасы (1941 жыл 30 қыркүйек – 1941 жыл 6 желтоқсан).**
- Қазақстанда жасақталған **316 – атқыштар дивизиясына** Москваға апаратын негізгі өзекті жолдың бірі – Волокаламск тас жолын қорғау тапсырылды.
- **Бауыржан Момышұлы** басқарған 1075 ұлан атқыштар полкі жау шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. 28 танк жоюшылар («28 панфиловшы») тобы Дубосеково разъезінде жаудың 18 танкісін жойып жіберді.
- Москва облысының Бородино селосының түбінде неміс штабына басып кіріп, немістердің көзін жойған **Т. Тоқтаровқа** кеңестер **Одағының батыры** атағы берілді.
- **М. Ғабдуллин** басқарған автоматшылар тобы ерлік көрсетіп, жау танкілерінің бірнешеуін жойды. М. Ғабдуллинге **Кеңестер Одағы батыры** атағы берілді.
- Бородино селосының түбінде Амангелді Имановтың ұлы **Рамазан Амангелдиев** 13 фашистің көзін жойды.
- **Москва шайқасының тарихи маңызы:**
 - Гитлершіл басқыншылардың Москва түбінде талқандалуы жау әскерлерінің рухын түсірді,
 - Гитлердің қауырт соғыс жоспары «Блицкриг» біржола күйреді,
 - Қенес армиясы стратегиялық бастаманы қолға алып, түбейгейлі бетбұрыс басталды.



- **Ленинград шайқасы (1941ж.-1943 ж.-қантар).**
- Ленинград қаласын қорғауға Қазақстанда құрылған **310-атқыштар дивизиясы** мен **314-дивизия** алғашқы кезеңнен қатысты.
- Ленинград үшін шайқаста қазақ жауынгері **Сұлтан Баймағанбетов** кеудесін оққа төсеп ерлікпен қаза тапты. Ол **Кеңестер Одағының батыры** атанды.
- Балтық флотында көптеген қазақстандықтар жауға қарсы ерлікпен шайқасты. Мысалы, «Киров» крейсерінде 156 қазақстандық болған. Қазақстаннан барған әскерлердің 30%-дан астамы Ленинград түбіндегі шайқасқа қатысты. Рота командирі **Қойбағаров** өз бөлімшесімен неміс окоптарына басып кіріп, өшпес ерлік жасаған. Одан басқа Ленинград түбінде **Дүйсенбай Шыныбеков, С. Жылқышев, Г. П. Зубков т. б.** қазақстандықтар ерекше ерлік көрсетті.
- 1941 жылы қыркүйекте қазақтың ұлы ақыны **Жамбыл Жабаевтың** ленинградтықтарға арнап жазған «Ленинградтық өренім» жыры фашистердің қоршауындағы қаһарман қала халқына, оны қорғаушыларға үлкен рухани дем берді. 1943 жылы қаңтарда 900 күнге созылған Ленинград қоршауы бұзылды, ал 1944 жылы Ленинград басқыншылардан толық азат етілді.

- **Ленинград шайқасының тарихы маңызы**
 Гитлершіл Германияның іні жерісі бойы

- **Сталинград шайқасы (1942 ж. шілде- 1943 ж. ақпан).**
- 1942 жылы Сталинград түбінде қиян-кескі шайқас басталды. Қазақстанның батысы Сталинград облысымен 500 шақырым шектесіп жатқандықтан, соғыстың оты Батыс Қазақстан өңірін қамтыды.
- 1942 жылы 1 қыркүйекте Гурьевте қорғаныс комитеті құрылды. Батыс Қазақстан жерінде 6 қорғаныс шебі, Сайхан, Орда, Чапаев, Тайпақ аудандарында арнайы аэродромдар салынды. Ақтөбе облысында да қорғаныс құрылыстары салынды.
- Сталинград майданының көптеген әскери бөлімдері, материалдық, техникалық базалары Батыс Қазақстанда орналастырылды. Орал қаласында әскери байланыс торабы орналасты. Батыс Қазақстан жерінде 20-ға жуық әскери госпиталь жұмыс істеді.
- Сталинград майданын барлық жағынан Қазақстан қамтамасыз еткен. Осында көптеген әскери техника жөндеуден өтті. Қазақстан жерінде құрылған **292, 387-атқыштар дивизиясы, 81-атты әскер дивизиясы** т. б. Сталинградты қорғауға қатысты.
- Жамбылдың ұлы **Алғатай** Сталинград түбінде ерлікпен қаза тапты. **Кеңестер Одағының батыры**, қарағандылық ұшқыш **Нұркен Әбдіров** өз ұшағын жаудың әскери базасына құлатып, Гастеллоның ерлігін қайталады.
- Сталинград түбінде қазақстандықтар **Қ. Сыпатаев пен А. А. Бельгин** өздерінің ерлігі нәтижесінде **Кеңестер Одағының Батыры** атағына ие болды.

Сталинград шайқасының тарихи маңызы.

- Сталинград шайқасы соғыс тарихында ерекше орын алды.
- Екінші дүниежүзілік соғыстағы түбегейлі бет бұрысқа шешуші үлес қосты.
- Қызыл Армия стратегиялық инициативаны берік қолға алды.
- Гитлерлік Германияның тағдырының шешілу уақытын жақындатты.
- Еділдегі (Волгадағы) шайқас бүкіл дүниежүзілік тарих шежіресіне ұмытылмас ерлік беттерін қосты.

4. Қазақстан Ұлы Отан соғысының аяқталу кезеңінде (1944-1945 жж.)

- Қазақстандық жауынгерлер Украинаны, Белоруссияны, Балтық бойын, Молдовияны азат етуге қатысты.
- 1-Украин майданы учаскелерінің бірінде біздің жауынгерлік қатарымызға фашистік танкілер лап қойды. Жаудың біраз танкісі қиратылды, бірақ фашистік танкілер ілгері ұмтылуын тоқтатпады. «Жолбарыс» танкісінің қарсы алдынан сапер **Абдолла Усенов** қарсы жүріп, кеудесіне танкіге қолданылатын минаны қысып, қаймықпай шынжыр табан астына құлады, сұмдық жарылыс жер сілкіндірді.
- Әрқайсысы 200-ден астам жауынгерлік ұшу сапарын жасап, бірнеше жүз фашистерді жоқ қылған шабуылшы ұшқыштар: **Талғат Бигельдиновке, Леонид Бедаға және Павловқа**, сондай-ақ 37 ұшақты және топтасып жүргізілген ұрыстарда жаудың тағы 6 ұшағын (самолет) атып түсірген **Сергей Луганскийге** екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.
- Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Ленин орденімен және Алтын жұлдыз медалімен марапатталғандар-қазақ қыздары: пулеметші **Мәншук Маметова** мен 54-атқыштар бригадасының Мергені (снайпер) **Әлия Молдағұлова** болды.
- Кеңес Одағының батыры, Қазақстан республикасының қорғаныс министрі **Сағадат Нұрмағамбетов** те Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді. Жас офицер **Р.Қошқарбаев** өзінің досы **Г. Булатов** пен бірге рейхстаг терезесіне алғашқы болып алқызыл Жеңіс туын желбіретті, ал Орал өңірінің жас офицерлері **Қ.Меденов** пен **Р.Қараманов** Берлин ратушасының төбесіне ту тікті.
- Қазақстандықтар партизандық қозғалысқа белсене қатысты. Толық емес мәліметтерге қарағанда Украинаның партизандық құрамалары мен отрядтарында 1500, Ленинград облысында 220-ден астам қазақ жігіттері соғысқан. Белоруссияның әр түрлі аудандарында әрекет еткен 65 партизандық бригадаларда 1500-ден аса қазақстандықтар болған. Партизан қозғалысына қатысқан даңқты қазақ жігіттері: **Ғ.Ахмедьяров, Ғ.Омаров, В.Шарудов, Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов, Ә.Жангелдин, Ж.Саин, Н. Көшекпаев** т.б. есімдері бүгінде зор құрметке ие болды.

«Мәскеу, Ленинград, Сталинград шайқастары –
Ұлы отан соғысындағы шешуші шайқастар». Осы
тұжырыммен қаншалықты келісесің?



"Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!" ұраны қалай жүзеге асты? (экономика)

- Қазақстан экономикасы **әскери бағытқа** көшірілді. Бейбіт мақсаттарға жұмсалатын **қаржы қысқартылды**. Көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығара бастады. **Өскемен қорғасын** — мырыш комбинаты, **Қарағанды көмір** шахталары сияқты соғысқа қажетті өнімдер шығаратын өнеркәсіп құрылыстарын салып аяқтады. Соғыс жүріп жатқан жерлерден және майданға жақын аймақтардан **220 завод пен фабриканы**, кәсіпорындары Қазақстанға эвакуацияланды(қауіпсіз аймаққа көшіру)
- Қазақ КСР-не әкелінген өнеркәсіптер мен фабрикалар, кәсіпорындар: **Алматы, Қарағанды, Шымкент, Петропавл, Семей, Ақтөбе, Орал** қалаларында орналастырылды. Өнеркәсіп орындарымен бірге Қазақстанға майдан өңірінен көптеген **мамандар** да көшірілді. Мысалы, тек қана Донбасстан **3200-ге жуық шахтер, 2000-дай құрылысшы** келді. Майдан өңірлерінен келген **инженер-техниктер** саны 700-дай болды. Қазақстан КСРО-ның негізгі **әскери-өнеркәсіп**



- Қазақстан еңбекшілері өздерінің жеке қаражатынан майданға **4,7 млн** сом ақша, **2 млн** дана **жылы киім**, 1600 вагон **сыйлық** жөнелтті. Қазақстан КСРО-ның шығыстағы негізгі мал шаруашылығы базасына айналды. Колхоздар, МТС-тер мен совхоздар майданға **7410 трактор**, 110 мың жылқы жіберді. 30,8 млн пұт **астық**, 15,8 млн пұт **ет**, 11 млн пұт **сүт** жіберді.
- Елдегі бар ауыртпалық **қарияларға, әйелдер мен балаларға** түсті. Өнеркәсіптегі әйелдердің үлес салмағы **50%**, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде **80-90%-ды** құрады. Еңбек тәртібі қатайды, 11сағаттық 6 күндік жұмыс аптасы енгізілді. Жұмыстан бас тартқандар **5-8 жылға** түрмеге қамалды. Азық-түлік карточкамен берілді.
- Тары өсірудің шебері Шығанақ Берсиев (әр гектардан 202 центнер), күрішшілер Ыбырай Жақаев, Ким Ман Сам, дәнді дақылдардан мол өнім алғандар М. Сатыбалдина, А. Дацкова, Н. Алпысбаевалардың ерен еңбегін айтуға болады.

«Тыл майданында қазақстандықтар елеулі үлес қосты». Берілген ақпаратқа сүйене отырып, өз пікіріңді 5-6 фактпен дәлелде

Қоғамдық-саяси өмір

• 1917-1945 жж

- Саяси партиялардың құрылуы;
- **«Кіші Қазан» идеясы аясында таптық күрес жүрді**
- Кеңестік идеологияны орнату үшін халықтар депортацияланды, атеизм орнатылды: **1926 ж. РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің «Дінге қарсы үгіт-насихат жұмысы туралы» резолюциясында** діннің таптық мәні ашып көрсетіліп, мұсылман дін қозғалысының әлеуметтік мәні жағынан кеңес өкіметіне қарсы сипаты атап өтілді.
- 1937-1938 жж аралғында қуғын-сүргін саясаты белсенділігі артты
- 1930-і жылдар Нәтижесінде Кеңес үкіметінің Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының жалпы саны шамамен 3,5 млн. адамды құрады. Осындай жағдайда 1937 жылы 26 наурызда Қазақ АКСР одақтас республика (Қазақ КСР) болып қайта құрылды.

Қазақстан жерінде құрылған жазалау мекемелері

- **ГУЛАГ**- Еңбекпен түзеу лагерьлері мен жер аударылғандар қоныстарының және қамау орындарының Бас басқармасы – КСРО-да 1934 – 1956 жылдары айыпталушылардың жазасын өтеу орындарына басшылық еткен Ішкі істер халық комиссариатының бөлімі.
- **Карлаг**- Қарағанды еңбекпен түзеу лагері - ГУЛАГ архипелагы құрамындағы ең ірі азап аралы.
- **АЛЖИР**- Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері

Сталиндік қуғын-сүргін. Халық қасіреті.

КАРАТ

-Қазақ КСР-індегі ірі еңбекпен түзеу лагерлері
-Қазақстанға күштеп көшірілген (депортацияланған) халықтар (аты, саны, уақыты көрсетілген)
-1937-1938 ж.ж. Сталиндік жаппай жазалау кезінен бастап

101000

де атылған қазақстандықтар саны
Сталиндік қуғын-сүргін кезінде лагерлерде азат шеккен қазақстандықтар саны
- Қазақ КСР-інің, _____ - КСРО-ның шекарасы



101 000
27 000

27 000

КАСПИЙ ТЕҢІЗІ
АРАЛ ТЕҢІЗІ

Ы
А
Т
Ы
Қ

1945-1989 жж.

- 1948 жылы “космополитизммен”, яғни шетел мемлекеттерінің мәдениетіне көңіл бөлушілермен күрес науқаны басталды.
- Соғыс тұтқындарының Отанына қайтып келгеннен кейінгі тағдыры да ауыр болды. 1943–1947 жылдарда 5,5 миллионға жуық соғыс тұтқындары мен Германияға жұмысқа айдалған азаматтар елге оралды. Олардың 20 пайызы ату жазасына немесе 25 жыл лагерьде жазасын өтеуге кесілді, 15–20 пайызы 5–10 жылға лагерьлерге жіберілді, 10 пайызы Сібірдің алыс аудандарына жер аударылды, 15 пайызы соғыста қирап қалған аудандарда ауыр жұмысқа салынды. Тіпті, тұтқыннан қашып, өз «кінәсін» қанмен жуып, партизандар қатарында соғысқан жауынгерлерді-де сталиндік билік кешірмеді.

- Кітаптың 95% орыс тілінде басылды, теледидар хабарларының 70% эфирге орыс тілінде шықты.
- Өзгеше ойлаудың барлық түрі қудаланды. **О.Сүлейменов “Азия”**
- 1979 жылы Неміс автономиялық облысын ашу туралы шешім қабылданды Бұл автономиялы облысқа **Ақмола, Павлодар, Қарағанды және Көкшетау** облыстары кіріп, **Ерейментау** қ. - оның орталығы болып белгіленді. **Маусымның 16** күні таңертең негізінен облыс орталығындағы жоғары оқу орындары мен техникумдарының **студенттері** қатарындағы қазақ жастары қаланың орталық алаңына жиналды.
- 1963 жылдың қарашасында **Мәскеу** қаласында «**Жас тұлпар**» ұйымы ресми құрылды. Жастұлпарлықтар Кеңестік өкімет қолданған интернационалистік идеологияның қазақ ұлтының тамырына балта шауып жатқанын жай біліп отыра берген жоқ, оған ұлт құндылықтарын, қазақ өнерін қарсы қоюға ұмтылыс жасады.

Демократиялық үдерістер

- 1986 жыл 17-18 желтоқсан – Желтоқсан оқиғасы
- 1989 жыл 26 ақпан – Семей-Невада қозғалысы
- 1989 жыл 16-19 мауысым – Жаңаөзендегі ұлтаралық қақтығыс
- 1989 жыл 20-22 шілде – Қарағанды кеншілер ереуілі

Тапсырма

- «Кеңес үкіметінің саясаты Қазақстанға оңтайлы тәжірибе болды». Осы тұжырыммен қаншалықты келісесің, жауабыңды алған біліміңе сүйеніп түсіндір.

[15]

- Бағалау шкаласы

БМ1 – 9 БАЛЛ	БМ2 – 6 БАЛЛ
7-9 - Берілген мазмұн бойынша терең білімі мен түсінігін көрсетеді	5-6 - Берілген мазмұн бойынша тиянақты талдау жасайды
4-6 - Берілген мазмұн бойынша жеткілікті білімі мен түсінігін көрсетеді	3-4 - Берілген мазмұн бойынша жеткілікті талдау жасайды
1-3 - Берілген мазмұн бойынша болмашы білімі мен түсінігін көрсетеді	1-2 - Берілген мазмұн бойынша әлсіз талдау жасайды

Мәдениет

- 1917-1945 жж.

- **Қазақ әдебиетінде социалистік реализм көрініс тауып бастайды:** С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Сұлушаш», Б.Майлиннің «Азамат Азаматыч», С.Ерұбаевтың «Менің құрдастарым»
- **Қазақстан бейнелеу өнері:** 1928 жылы [Қазақ АКСР](#) Ағарту халкомы Қазақстан, Сібір және Урал суретшілерінің жылжымалы көрмесін ұйымдастырды. 1933 жылы Суретшілер одағы құрылды.
- 1934 жылы 8 мамыр күні [Мәскеудегі](#) Шығыс мәдениеті мұражайында «Кеңестік Қазақстан өнері» көрмесі ашылды. Онда Н.Крутильников, Қ.Қожықов, Ө.Исмаилов, т.б. суретшілердің шығармалары қойылды. 1935 жылы «Қазақстандағы Кеңес өкіметіне 15 жыл» көрмесінің базасында *Қазақ мемлекеттік Көркем өнер галереясы* құрылды.

-

- XX ғасырдың 20-жылдарының соңына қарай Әбілхан [Қастеевтің](#) шығармашылық жолы басталады. Ол алғашқы кәсіптік дағдыларын Н. Г.Хлудовтан оқып-үйренді.
- Бейнелеу өнері саласында маман кадрлар даярлау ісімен Алматыдағы театр-көркемөнер училищесі айналысты.
- Қазақстанның суретшілері өз шығармаларында өткен өмір суреттерін бейнелеуге ұмтылды.
- Ә.Қастеев революцияға дейінгі Қазақстандағы әлеуметтік жанжалдар төркінін ашып көрсетуге тырысқан суреттер сериясын жасады. «Қызды зорлықпен әкету», «Садақа жинаған молла», «Құрғақшылықта тасаттық беру», «Кәрі байдың құда түсуі» суреттері әйелдердің бас еркі жоқтығын, қарапайым халықты, алдап-арбау көріністерін көз алдыға әкелді.
- Бейнелеу өнерінің шеберлері өздері өмір сүріп жатқан кезең, әсіресе 30-жылдар тақырыбына көбірек мән бергені байқалады. Суретшілер кеңес адамын, олардың ерлігі мен коммунистік идеяға адалдығын бейнелеуге көңіл бөле бастады. Бұл жылдары партиялық идеологияның Қазақстан суретшілері шығармашылығына әсері анық

Музыка өнері

- С.Сейфуллиннің «Жас қазақ марсельезасы» атты революциялық рухтағы әні кең таралды.
- 1923 жылы Мәскеуге Ә.Қашаубаев, И.Байзаков, Е.Өмірзақов, Ғ. Айтпаева, Қ.Байжанов, Қ.Жандарбеков, т.б. қазақ әншілері мен музыканттары шақырылып, концерт қойды.
- 1925 жылы жаңа астана [Қызылордада Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов](#), Елубай Өмірзақов, т.б. қатысуымен қазақ халық музыкасының үлкен концерті өтті.
- сазгер *Александр Викторович* [Затаевичтің](#) (1869—1936) рөлі үлкен. [Орынборға](#) 1920 жылы келген ол 3 жыл ішінде 1500-ден астам қазақ әндері мен күйлерін жазып алды. «Қазақ халқының 1000 әні» деген алғашқы жинағы 1925 жылы Орынборда, ал «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген екінші жинағы 1931 жылы Алматыда жарық көрді.

- 1926 жылы Қызылордада қазақ театры ашылды.
- 1931 жылы Алматыда қуатты радио тарату станциясы жұмыс істей бастады.
- 1933 жылы 29 сәуірде ғылыми-зерттеу кабинеті мен Алматы музыкалық-драмалық техникумының музыкалық-тәжірибелік шеберханасына музыкалық фольклорды зерттеу және қазақ халық аспаптарының үнін жетілдіру міндеті жүктелді. Жұмысқа А.Жұбанов басшылық жасап, Е.Брусировский және ағайынды Прокофий мен Эмануэль Романенколар сияқты мамандар тартылды. [Құрманғазы](#), [Дәулеткерей](#), Абыл, [Тәттімбет](#), [Қазанғап](#), Ықылас, Сармалай, Сейтек, т.б. күйшілердің көптеген күйлері жазылып алынады. 1935 жылы осы оркестрдің негізінде [Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы](#) құрылды.

1936 жылы 3 қарашада Қазақ АКСР ОАК-нің қаулысымен А.Жұбановқа және солист әншілер У.Қабиғожин мен Л. Мұхитовқа республикаға еңбек сіңірген әртіс атағы берілді.

Театр өнері

- 1925 жылы сәуір айында Қазақстан Кеңестерінің V съезінде Қазақстанда тұңғыш кәсіпқой театр ашу туралы шешім шығарылды.
- Театр Алматыға көшкеннен кейін труппаға *Күләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Манарбек Ержанов, Қуан Лекеров, Жүсіпбек Елебековтер* қосылды.
- 1926 жылы 13 қаңтар күні М.Әуезовтің «[Еңлік—Кебек](#)»спектаклінен үзінді қойылып, одан кейін концерт берілді. Театрдың алғашқы режиссері *Жұмат Шанин* еді.
- 1927 жылы 3 наурызда кеңес тақырыбына жазылған бірінші пьеса — «Зарлық» пьесасы қойылды.

- 1933 жылы Алматыда қазақ опера театрын даярлау үшін мемлекеттік музыкалық студия ашылды.
- Студия даярлаған «Айман-Шолпан» музыкалық пьесасы (Айман рөлінде Күләш Байсейітова) тұңғыш қазақ опералары «Қыз Жібек» пен «Жалбырды» қоюға даярлық есебінде болды.
- «Қыз Жібек» операсын халық музыкасы негізінде Е.Брусилловский, либреттосын Ғ. Мүсірепов жазды.
- «Қыз Жібектің» мазмұнына ежелгі халық аңызы негіз болса, «Жалбыр» 1916 жылғы тарихи оқиғаны арқау етіп алған.
- Бірінші қазақ балеті «Қалқаман—Мамырды» сазгер В.В.Великанов М.Әуезовтің либреттосы бойынша жазып, ол 1938 жылы қойылды. Қазақстан балет өнерінің бастауындағы белгілі қазақ бишісі Шара Жиенқұлованың өнері жарқын еді.

Кинематография

- Қазақстандағы тұңғыш кино түсіру 1925 жылы басталды. Бұл жылы киноға [Қызылорда](#) қаласында өткен Қазақстан кеңестерінің I съезі түсірілген.
- Қазақстан жайлы тұңғыш көлемді деректі-көркем фильм «Түрксіб» деп аталды. Сценарий авторы мен режиссері В. Турин.
- 1938 жылы «Ленфильм», «Амангелді» фильмін түсірді. Ол Қазақ академиялық драма театрының әртістері күшімен қазақ және орыс тілдерінде түсірілді. Фильм режиссері М. Левин, сценарийін В. Иванов пен Ғ. Мүсірепов жазды. Фильмдегі басты рөлдерді Е. Өмірзақов, Ш. Жиенқұлова ойнады. Фильмнің музыкасын А. Жұбанов жазған.

Тоқырау жылдарындағы өнер

Бұл кезеңде классикалық музыка жанрында сазгерлер **Е.Рахмадиев, Ғ.Жұбанова, К.Күмісбеков**, ұйғыр сазгері **Қ.Қожамьяров** өнімді еңбек етті.

Әнші **Ә. Дінішевтің** есімі әлемге әйгілі болды. **Н. Тілендиев** этнографиялық оркестр құрып, ән жазуды ұлттық сарындағы аспапты музыканы уағыздаумен ұштастырды.



Музыка мәдениетінде әлем эстрадасының деңгейіндегі туындылар мен көркемөнер ұжымдары дүниеге келіп жатты. **“Дос-Мұқасан”** ансамблі, **Р. Рымбаева, Н.Есқалиева** сынды әншілер халықаралық сайыстар лауреаты атанып шетелдерге танылды.



Ш.Аймановтың "Атаманның ақыры"




С.Қожықовтың "Қыз Жібек" фильмдері халық арасында ілтипатпен қабылданған шын мәніндегі көркем таспалар болатын.

Кеңестік Қазақстан мәдениетінің
қалыптасуына не әсер еткенін
түсіндіріңіз

Тұлғалар



- **Ахмет Байтұрсынов(1872-1937)**
- 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде 14500 адам қол қойған **Қарқаралы петициясы** авторларының бірі
- 1913 ж. Орынборда «**Қазақ**» газетін ұйымдастырып, 1917 жылдың аяғына дейін оның редакторы болды. **1918-19 жж. Алашорда** қатарында болады. 1919 ж. 24 - маусымда Қазақ өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитеттің мүшелігіне тағайындалады.
- Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты. **1920 жылдың 26 тамызында Қазақ автономиясын құру және оның жер көлемін белгілеу** жөнінде декретке Ленин қол қойды. Алаш арыстары **Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков**



- 1929 жылдың маусымында, Ахмет Байтұрсынұлы Қызылордаға барған сапарында тұтқындалып, Архангельск облысына жер аударылды. 1937 жылдың қазан айында қайтадан тұтқындалып, екі айдан соң **«халық жауы»** деген айыппен атылады.
- Байтұрсынұлы **қазақ тіл білімін** 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның іргетасын қалады. Араб графикасына негізделген **қазақ жазуының реформаторы** болды. Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады. Осы мақсатта **«Оқу құралы»** (1912), **«Тіл құралы»** (1914); ересектердің сауатын ашуға арнап **«Әліпби»** (1924), **«Жаңа әліпби»** (1926) атты оқулықтар мен тың еңбектер ұсынды.

Әлихан Бөкейханов (1866-1937)-ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда үкіметінің төрағасы, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, публицист, аудармашы.

- 1904 жылы орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы жөніндегі материалдар дайындаған Ф.А.Щербиннің экспедициясының құрамында жұмыс істеді.
- Конституциялық-демократиялық партияның мүшесі, **I Мемлекеттік Думаның** депутаты болды.
- Патша самодержавиесінің отаршыл саясатына қарсы қызметі үшін бірнеше рет түрмеде отырды.
- «Қазақ» газеті арқылы **оқу-ағартушылық** қызмет жүргізді.



- Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым **Алаш партиясын** ұйымдастыруға кіріседі.
- **1917** ж. желтоқсанында **Екінші жалпықазақ съезі Алаш** автономиясы жарияланып, Ә. Бөкейхан сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (президенті) болып сайланады.
- **1926** жылы екі рет тұтқындалады. Сол жылы Әлихан Бөкейхан **Мәскеуге** жер аударылады, зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады.
- Он жыл үй қамауында отырған Әлиханды **1937** жылы тамызында қайыра тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен **71 жасында** Мәскеуде ату жазасына кеседі.

Бауыржан Момышұлы

1. **1910жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысында** туған. Асқан стратег, психолог, шешен, тапқыр полковник. Бала кездегі лақап аты «**Шаңтимес**» .
2. Алғашқы еңбек жолын ұстаздықтан бастаған. **1928-1930** жылдары бастауыш мектепте сабақ берген.
3. Әр саланың игеріп әкететін ерекше қабілетінің арқасында Шымкент өнеркәсіп банкінің экономисі болып та қызмет еткен. Қаржылық сауатты Момышұлы әскери саланы да тастамай қатар алып жүрген.
4. Соғысқа дейінгі жылдары әскерде өнерімен талайды тәнті еткен. Ат үстінде қылышпен ойын көрсетуде асқан ептілік танытып, Буденныйдың көзіне түскен.
5. Ұлы Отан соғысына генерал-майор **И.В. Панфилов** басқарған әйгілі дивизиясының құрамында **1941 жылдың қыркүйек** айынан бастап қатысты.
6. Бауыржан Момышұлы **Москва** үшін шайқаста **207** рет ұрысқа кірді. Бірнеше рет жау қоршауынан жауынгерлерін аман сау алып шығады. **Москва түбіндегі шайқастағы** ерлігі сол кездің өзінде Одақ көлеміне аңыз болып жайылады. Бауыржанның осындай ерлігі жөнінде белгілі орыс жазушысы **А.Бек «Волоколамское шоссе»** (қазақшасы «Арпалыс») повесін жазды. Бұл шығарма кейін бірнеше тілге аударылады.

Бауыржан Момышұлы

7. 1945 жылдың 16 қаңтарында Алматыға келген Бауыржанды **М. Әуезов, Қ. Сәтбаев**, т.б. ғалымдар соғыс туралы әңгіме-лекция өткізуге шақыртып, кездесу ұйымдастырады. Осы дәрістің стенограммасы кейін «**Соғыс психология**» деген атпен кітап болып басылды.

8. Соғыс уақытында дивизия басқарған екі-ақ қазақ болған. Біріншісі – **Бауыржан Момышұлы**, екіншісі – **Әбілқайыр Баймолдин**.

9. Соғыстан кейін **1950-1955** жылдары полковник шенімен Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. Совет одағының генералдары полковниктің кәсібилігін бірден мойындайды. Батыр ақын, алаштың арысы Мағжанды өз көзіммен көрдім деп осы кезді айтады.

10. Бауыржан Момышұлы **1962 жылы Фидель Кастроның** шақыруымен Куба еліне барды. Кейін 1963 жылы тағы бірнеше мәрте шақыртумен арнайы сапармен барып қайтты. Бір айта кетерлігі, Куба елінің саяси күрескері Ф. Кастро түрмеде жатқан кезінде Момышұлының кітаптарын оқып, көзқарастарының нығаюына ықпал еткенін айтады.

<https://www.youtube.com/watch?v=LBjixQVcF6E>

- Қ.Сәтбаев туралы бейнематериалдан қажетті ақпаратты кестеге түсіріп отырыңыздар



Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899-1964жж)	
ГЕОЛОГ	ҒАЛЫМ
1	1
2	2
3	3

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев

(1899-1964жж)

геолог

ғалым

1. Жезқазған өңіріне зерттеулер жүргізіп әлемдік деңгейдегі ірі нысан екенін дәлелдеген

2. Жергілікті тұрғындарды зерттеу кәсібіне тартты

3. 1936ж Жезқазғанда мыс балқыту комбинатын салуға қол жеткізді

1. Ғылыми кадрлар дайындау ісін ұйымдастырушы

2. 1940ж Қазақстанда геологиялық ғылымдар институтын құрады

3. 1946ж Қазақ КСР Ғылым Академиясының негізін салып, ҒА президент қызметін атқарады

Е.Б. Бекмаханов (1915-1966)

- Е.Бекмахановтың ғылыми мұрасы оның тақырыптарының алуан түрлі болуымен, тарихи мәселелерді кең қамтуымен және оларды байыпты шешуімен ерекшеленді. Оның еңбегінің бастысы 1947 жылы Алматыда орыс тілінде жарық көрген "XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан" атты монографиясы болды. Осы тақырыпта 1946 жылы Мәскеуде тарих мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаған.
- Асыра сілтеу, бурмалау және күдікшілдік бел алған осы тұста бұл еңбекке пікір айтушылардың кейбіреулері оны Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың тарихын ақтау тұрғысынан көрсеткен еңбек деп бағалап, оны буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны дәріптеуші деген саяси кінәға ұшыратты. Е.Бекмаханов еңбегіне байланысты пікірталастар 1947 жылдың екінші жартысында күшейе түсті. Ермахан Бекмаханов бірақ айтқанынан қайтпады. Халқы үшін жан аямай күрескен Кенесары Қасымовтың батыр екенін дәлелдеген, оның кітабын да, өзін де қызыл империя аямай жазалады.
- 1947- 1950 жылдарда Е.Бекмахановтың күйі өте ауыр болды, күн өткен сайын оған тиген моральдық соққының салмағы арта берді. Ермухан Бекмахановты қаралау кампаниясы Тілеуқажы Жанайұлы Шойынбаев, Хадиша Гилимқызы Аидарова және А.Ф. Якунинің қол қойған КСРО-ның басты газеті - "Правда" газетіндегі 1951 мақаладан басталады. 1951 жылы университеттегі жұмысынан қуылып, партия қатарынан шығарылды.



- Ол біраз уақыт Алматы облысы, Нарынқол ауданында мектепте тарих пәнінен сабақ берді, көп кешікпей Жамбыл облысы, Шу ауданындағы Новотроицк селосындағы мектепке мұғалім болып орналасты. Осы жерде 1952 жылы 5 қыркүйекте тұтқындалды. Екі айға жуық тергеу жұмыстары жүргізіліп, 1952 жылдың 3 қарашасында № 699 іс бойынша Е. Бекмахановты айыптау қортындысы дайын болды. Ермұханның жары Халима Бекмаханованың естелігінен:
- *«1952 жылдың 30 тамызында Ермұқанды Новотроицкіге шығарып салдым. Кеткісі келмей, бірдеңе сезгендей, мазасыз күй кешіп еді. Айтқандай-ақ, 5 қыркүйекте оны тұтқындап, Алматыға әкеліпті. Сол күні біздің үйде де тінту жүргізілді. Кешкі сағат 10-да жұмыстан келсем, үйдің есігі ашық тұр. Бір бейтаныс қазақ тінтуге құжат көрсетті. Ермұқанға бірдеңе болғанын сездім. Ас-су беруге рұқсатты табаннан тозып жүріп бір ай дегенде әрең алдым.*
- Жоғарыдағы айыптау негізінде 1952 жылы 2 желтоқсан күні Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер жөніндегі коллегиясының үкімімен Е. Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, [ГУЛАГ](#)-тың алыстағы лагерінің біріне айдалды.
- Ол кісінің лагерьден тиісті органдарға жазған көптеген арыздарының нәтижесінде, академик, қоғам қайраткері Анна Михайловна Панкратова сияқты қайырымды адамдардың көмегінің арқасында Берия атылғаннан кейін Е. Бекмахановтың ісі қайта қаралып, 1954 жылы 16 ақпанда оның ісі жабылып, өзі ақталып шықты.

Д. Қонаев - мемлекет және қоғам қайраткері.

- Екінші дүниежүзілік соғысының қиын күндерінде ол тылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түседі. «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің және КСРО қорғасын мырыш өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорындарының бірі Ленингор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарады.
- 1942-52 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары болып қызмет етеді.
- Қазақстан ғалымдары оған зор сенім көрсетіп, оны Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және оның президенті етіп сайлайды.
- Тау кен ісі саласының ірі ғалымы Д.Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңіреді.
- Ғылыми ұйымдық жұмыстарды жақсарту, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен нығайту шаралары оның басшылығымен жүзеге асырылады.
- Д.Қонаев 1955-60 және 1962-64 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, 1960-62 және 1964-1986 жылдары Қазақстан коммунистік партиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы болды. Ол Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін аянбай жұмсай білді.



- Д. Қонаев партиялық және мемлекеттік қызметті ғылыми жұмыспен тығыз ұстастыра алған жан.
- Кен ісі саласындағы алғашқы ғылыми ізденістерінен бастау алған ғалымның жолы, осы саладағы өз мектебін қалыптастыра алған көрнекті ғалымдықтан ғылыми жұмыстардың аса көрнекті ұйымдастырушысы ретінде басшылық қызмет атқарып жүрген кезде Дінмұхаммед Ахметұлы өнеркәсіп, құрылыс, сауда және ауыл шаруашылығының дамуына ат салысты.
- Әлеуметтік және экономикалық салаларымен қатар, ғылым, денсаулық, спорт және мәдениет аяларын назардан тыс қалдырмай, оларды дамыту мақсатында зор еңбек сіңірді.
- Дінмұхаммед Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кенті мен 43 қала пайда болды. Оның ішінде, өнеркәсіп орталығы болып саналған Рудный, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Ақтау), Никольский, Степногорск, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары салынды.
- Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды. Кеменгер тұлғаның тұсында 19 облыс болды.
- Ол кісі жаңадан 2 облыс құрды: Маңғыстау және Жезқазған облыстары болып табылады.

- «Берілген тұлғаларды Отансүйгіштік пен ұлтжандылығы біріктіреді ..» Берілген тұжырымды түсіндіру үшін ПОПС формуласын қолданыңыз

«ПОПС» формуласы

- *Бірінші сөйлем* «Менің ойымша,... »
- *Екінші сөйлем* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
- *Үшінші сөйлем* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »
- *Соңғы сөйлем* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»